

Тұнған тарих иесі

Торғай тарихында орны тұр,
Алматұлы Орекен.
Елге істеген еңбегі,
Ұзын, ұзақ жол екен.

Ілімі мен білімі,
Бойында толған гибрат.
Тағылымды салт-дәстүр,
Жастарға берер мол екен!

Өлкеміздің ақын-жазушыларын ескелең үрпаққа танытып, насиҳаттау мақсатында Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі тарихшы, шежірші, абыз қария, еңбек ардагері Орекен Алматұлының туганына 85 жыл толуына орай «Тұнған тарих иесі» атты жаднаманың тұсаукесерін өткізді.

Іс-шараға Орекен Алматұлының қарындасы Тыныштық Алматқызы, Арқалық қаласының құрметті азаматы, өлкетанушы Шөптібай Байділдаулы, Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ардагер-ұстаз Жәнібек Ғапбасұлғ., Орекен Алматұлының баласы Нұрханғиз Орекенұлы, көліні Сәуле Ахметқызы және Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері қатысты. Ис-шара барысында, қонақтарымыз Орекен Алматұлы

туралы көптеген естеліктерімен белісіп, Нұрханғиз Орекенұлы әкеге деген сағынышын әнмен жеткізді.

Жаднама бірнеше бөлімдерден тұрады. 1-бөлімінде «Арқаның Алатаяу еді...» (Орекен Алматұлының өмірбаяны), 2-бөлімінде «Сұнғыла ойдың егесі» (Орекен Алматұлы шығармалары, мерзімді базылымдарға жарияланған мақалалар тізімі), 3-бөлімінде «Өмірінің жарқын бейнесі» (фото суреттер), 4-бөлімінде Орекен Алматұлы жайлы жылы лебіздер, 5-бөлімінде «Арнаулар» топтастырылған.

Торғайдың арда үлдарының бірі, тума талант Орекен Алматұлы ортамызда болса, биыл қыркүйек айының 17 жүлдөзинде 85 жасқа келер еді.

Екі жыл бұрын ортамызда ақылын айттып, елине қамқор болып жүрген аға туралы өткін шақпен еске алып әңгімеледу қандай ауыр еді. Өлкө тұлғаларын үақытылы жастарға насиҳаттау, кейінгі үрпаққа үлгі болар Орекен Алматұлының өмірі мен атқарған еңбегінен сыр шертіп, қазақ жастарына үлгі ету, қалың оқырман қауымға насиҳаттау, кейінгі үрпаққа үлгі болар Орекен Алматұлының өмірі мен атқарған еңбегінен сыр шертіп, қазақ жастарына үлгі ету, қалың оқырман қауымға біздің міндептіміз.

Орекен Алматұлы қазақ әдебиетін қадірлеп есken, соның жанашыры болған азамат. Өз өмірінде Нұрхан Ахметбеков, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Шәміл Мұхамеджанов сияқты елдің атақты азаматтарымен дәмдес болды, солардың тәрбиесін көрді. Торғайдың небір саңылақтары туралы әңгіме қозғағанда арқасы ұстап, ұзаққа шабатын керемет шешендік өнері де бар еді.

Заманның біртуары, елдің абыз ақсақалы, тарихын тереңнен тартатын қарт Торғайдың алтын терегінің бірі, Орекен ағаның бейнесі ұлттық әдебиет пен мәдениетті, оның тарихын қастерлейтін Тобыл-Торғай өнірі халқының жадында мәңгілік сақталатынына сенімдімін. Артына қалдырып кеткен онегесімен, айтып кеткен ұлагатты әңгімесімен, көптің көнілінде ұзақ сақталатын шежіресімен елдің әңзіз етіп айтып жүретін аяулы тұлғасына айналды. Орекен Алматұлының есімі елдің жүрептінде мәңгілік сақталады.

Әсем АХМЕТЖАНОВА,
Әдістеме-библиография
бөлімінің меншерушісі.